

1994 жылы зейнетақы тағайындау және қайта есептеу кезінде орташа айлық табысты есепке алу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 18 қаңтардағы N 1508 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

Зейнеткерлердің және 1994 жылы зейнет демалысына шығатын адамдардың мүдделерін қорғау мақсатында, әрі "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаулы етемін:

1. Зейнет демалысына 1994 жылы шығатын адамдарға зейнетақы мөлшерін есептеген кезде оның зейнет демалысына өтініш берер алдындағы соңғы 15 жылғы жұмысының қатарынан алғандағы кез келген 12 айының /зейнет демалысына шығатын адамның қалауы бойынша/ орташа айлық табысы алынатын болып белгіленсін.

2. Жасына немесе мүгедектігіне байланысты зейнетақыны қайта есептеген кезде зейнетақы тағайындалған еңбекақысына қарағанда кемінде 2 жыл табысы неғұрлым жоғары жұмыста істеген зейнеткерлерге зейнетақының жаңа мөлшері осы аталған 2 жылғы жұмысының соңғы 2 айының орташа айлық табысынан белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992-1995 жылдары зейнет демалысына шығатын адамдарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1992 жылғы 18 қаңтардағы N 1164 қаулысын /Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары 1992 ж., N 6, 125-бап/ өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысының жобасын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне енгізсін.

4. Осы Жарлықтың Заңмен бірдей күші бар және ол Қазақстан Республикасының жаңадан сайланған Жоғарғы Кеңесі Қазақстан Республикасының Зейнеткерлік туралы заңдарына тиісті өзгертулер енгізгенге дейін қолданылатын болады. 5. Жарлық 1994 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енеді

. Қазақстан Республикасының Президенті Алматы қаласы. 1994 жылғы 18 қаңтар
N 1 5 0 8

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК